

Қаралды

ӘБ жетекшісі :

Хаттама № 1

«Келісемін»


директордың оқу тәрбие

жөніндегі орынбасары

Исмагулова А.Б

«Бекітемін»

Мектеп директоры м.а

Мадьярова А.М. 



**«Қызықты математика»**

**2-сынып**

(факультатив жоспары )

2023-2024 оқу жылы

Бастауыш сынып мұғалімі: Ислямғалиева М.С

«Обаған жалпы білім беретін мектебі »КММ

**ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА**  
2-сынып оқушыларына арналған  
(аптасына 1сағат, барлығы 34сағат)

**Түсініктеме хат мазмұны**

Математика – жалпы білімнің бір бөлігі. Адам қызметінің бірде-бір саласы математикалық білімсіз және зияткерлік сапаларсыз мүмкін болмақ емес. Мектеп қабырғасында берілетін математикалық білім:

- қазіргі уақытта қажетті нақты білімді игеруге және білім алуды жалғастыруға;
- логикалық, алгоритмдік және сыни ойлау дағдыларын игеруге;

Математиканың шындықпен өзара байланысын қамтамасыз ететін көзқарастың қалыптасуына, шындықты тану үшін қажетті математикалық әдістерді игеруге ықпал етеді.

Математика курсының танудың негізгі жолы – индуктивті; жаңа білім проблемалық жағдай арқылы ашылады; оқу процесінде оқушылардың математикаға (математикалық фактілерге, құбылыстарға, ұғымдарға, заңдылықтарға, білім мен дағдыларды тәжірибеде қолданатын жағдайларға) белсенді жеке көзқарасы қалыптасады.

Бастауыш математикалық білім беру мазмұнында шартты түрде екі компонентті бөліп қарастыруға болады: мазмұнды-қолданбалы және жалпы мәдени.

Біз мазмұнды-қолданбалы компонентке:

- адамның практикалық іс-әрекетінде қажетті (басқа да пәндерді меңгеруге қажетті) нақты математикалық материалды меңгеру;
- қоршаған ортаны тану тәсілі ретінде бастауыш сынып оқушыларына қолжетімді математика әдістері туралы ұғым қалыптастыру;
- жалпыадамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде математика туралы көзқарастарын қалыптастыру;
- математика арқылы білгілі бір ойлау стилін дамыту;
- жеке және әмбебап оқу әрекетін қалыптастыру.

«Қызықты математика» курсының оқытудағы басты қағидаттар: жас ерекшелігін ескеру; оқыту мен тәрбиелеуді өзара үйлесімді ықпалдастыру; оқытудың практикалық бағыты; оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту; нақты есептеу және өлшеу дағдыларын дамыту, т.б.

Курс мазмұны. Арифметикалық материал курсының негізгі мазмұнын құрайды. Курстың негізгі натурал сандар мен негізгі шамалардың арифметикасы болып табылады. Курста геометрия және алгебра элементтері бар, мүмкіндігінше арифметикалық білім жүйесін қарастыра отырып, сандар, арифметикалық амалдар және математикалық қатынастар туралы түсініктерді игерудің жоғары деңгейі қарастырылады. Сонымен қатар ондық, жүздік, мыңдық, көп таңбалы сандар қарастырылады.

**Бағдарламаның өзектілігі.** «Қызықты математика» таңдаулы курсы оқушылардың логикалық ойлау процесін ең алдымен дүниені танып-білуге, сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың ой санада бейнеленуіне, сол бейнеленудің дұрыс формалары мен заңдарын, ережелерін қарастыруға, математиканы оқуға қызығушылығы артады. Өздерінің зияткерлік мүмкіндіктерін дамытуға ұмтылады. Берілген тапсырмалар оқушыларға мектеп бағдарламасының шеңберінен шығатын оқытудың осы кезеңінде математиканың көптеген қызықты сұрақтарымен танысуға, ойлау жүйесін тереңірек және толығырақ танып білуге мүмкіндік береді. Логикалық ойлаумен байланысты математикалық есептерді шешу балалардың танымдық іс-әрекетте қызығушылығын нығайтады. Ойлау операцияларын дамытуға және жалпы зияткерлік дамуға ықпал етеді. «Қызықты математика» курсының бағдарламасын іске асырудың маңызды факторы - оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, ойлау, шығармашылық тапсырмаларды шешу, сонымен қатар белгілі бір мәселе бойынша өз ұстанымын дәлелдей білу дағдыларын жетілдіруге ұмтылдыру болып табылады.

Курс мазмұнының құндылық бағдары:

- логикалық сауаттылықтың құрамдас бөлігі ретінде ойлау қабілетін қалыптастыру;
- эвристикалық ойлау тәсілдерін меңгеру;
- шешім стратегиясын таңдаумен, жағдайды талдаумен, деректерді салыстырумен байланысты зияткерлік дағдыларды қалыптастыру;
- оқушылардың танымдық белсенділігі мен дербестігін дамыту;
- қарапайым заңдылықтарды байқау, салыстыру, жалпылау, табу, болжауды қолдану, қарапайым гипотезаларды құру және тексеру қабілеттерін қалыптастыру;
- оқушыларды сабақта еркін қарым-қатынас барысында ақпарат алмасуға тарту.

**Мақсаты:** бастауыш сынып оқушыларының бейнелі және логикалық ойлауын, қиялын дамыту, оқу және практикалық міндеттерді табысты шешу, білім беруді жалғастыру үшін қажетті пәндік біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға жағдай жасау.

**Міндеттері:**

- математикалық және практикалық әрекеттердің жалпы тәсілдерін қалыптастыру;
- бастауыш сынып оқушыларының оқу материалын меңгеруінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін есепке алу;
- оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру;
- ойын, тілін, дыбыстық есту, көру кеңістігін, математикалық аңғарымын, танымы мен қарым-қатынас дағдыларын, яғни пәнді оқып үйренуге тілдік дайындығын дамыту;
- өз бетімен немесе бірлескен түрде әрекет етуге, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көруге үйрету;
- математикалық терминологияны дұрыс қолдануға үйрету;
- математикалық тілде сөйлеуге дағдыландыру.

**Күтілетін нәтиже:**

- қарапайым заңдылықтарды байқайды, салыстырады, жалпылайды, табады, болжайды, қарапайым гипотезаларды құрады және тексеру қабілеттері қалыптасады;
- оқушылардың математикаға деген қызығушылығы артады;
- өз бетімен немесе бірлескен түрде әрекет етуге, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көруге үйренеді;
- қызықты тапсырмаларды орындауға қажетті логикалық пайымдаулары артады;
- үйренген білімі мен біліктерін әртүрлі жағдайларда қолдана алады.

**Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі**  
2-сынып. Жылдық сағат саны – 34

1-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Кіріспе. «Математика – ғылымдар патшасы»  
«Қызықты математика» туралы түсініктерін тереңдету.

2-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Санайық, есептейік, ойланайық!

Ондықтан аттау арқылы қосу және азайту тәсілдерін қайталау; сандардың ондық және бірліктер құрамы арқылы қосу және азайту; сандардың құрамын пысықтау; теңдеу құру; қосу мен азайту кестесін жаттату

3-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Сандық лабиринт

100 көлеміндегі сандарға байланысты, сандық лабиринттегі тапсырмаларды тез есептеуге бағыттау; шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастыру және ұштау; тірек білімдерін жетілдіру; байқағыштық қасиеттерін дамыту.

4-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Математикалық санамақтар

Математикалық санамақтар арқылы екі таңбалы сандардың ондық құрамы негізінде қосу және азайтуды, қосу мен азайтуды меңгерту.

5-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Кестемен шығаратын есептер

Логикалық есептерді кесте құру арқылы шығарту

6-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Сыйымдылыққа байланысты логикалық құю есептер

Сыйымдылыққа байланысты логикалық есептерді шығарту

7-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Брэйн ринг викториналық сайыс

Логикалық тапсырмалар орындату арқылы, жылдам есептеп, жылдам ойлануға, кез келген ақпаратты тез түсініп қабылдауға баулу

8-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Соңынан шығарылатын логикалық есептер

Белгісіз санды соңынан шығару әдісі арқылы тапқызып үйрету

9-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Математикалық басқатырғыштар

Математикалық сөзжұмбақтар шешкізіп үйрету. Жылдам ойлауға баулу.

10-сабақ (1-сағат)

Тақырыбы: «Сиқырлы шаршы» логикалық есептер

Сиқырлы шаршыда берілген сандарды есептеу тәсілін меңгерту

<https://youtu.be/kUwUvPwkgik> сілтемесі арқылы бейнематериалды көрсету.

11-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Сағат. Минут. Циферблат бойынша уақытты анықтау

Сағат бойынша уақытты анықтауды үйрету.

Циферблат бойынша уақытты (күндізгі және түнгі) анықтату. Уақытты анықтау барысында рим цифрларын қолдануды үйрету

12-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Тәулік. Апта. Ай. Жыл. Ғасыр

Тәулік, апта, ай, жыл, ғасыр уақыт өлшем бірліктерін меңгерту. Уақыт өлшем бірліктері арақатынасы кестесін құру мен қолдануға мүмкіндік беру.

13-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Ребус

Математикалық ребустар шешу жолдарын меңгерту. <https://youtu.be/8wPvvcbbfwM> сілтемесі арқылы бейнематериалды көрсету.

14-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Жиындар.

Жиынды және оның элементтерін белгілеуді,  $\in$  және  $\notin$  таңбалары, элементтердің жиынға тиістілігін анықтауды, жиындар құрастыруды, жіктеуді үйрету.

15-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Ақиқат немесе жалған пікірлер құру.

Тұжырымдардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтауға, ақиқат немесе жалған пікірлер құруға, таныстырылым дайындауға мүмкіндік беру.

16-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Математикалық фокустар

Математикалық фокустар. Логикалық есептер құрастырып, шығарту.

17-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Танграм ойыны

Геометриялық фигураларды атап, ажырата білуге машықтандыру, танграмның контурын қолдана отырып, графикалық редактормен таныстырып, сенсорлық қабілеттерін арттыру.

18-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Фигура санау

Фигураларды санаудың әдіс-тәсілдерін меңгерту. <https://youtu.be/z41JwxGH1Eg> сілтемесі арқылы бейнематериалды көрсету.

19-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Деңгейлік тест

Білімді өз бетімен алу жолдарын үйрету. Ойлау белсенділігі, тапқырлық, тез шешім жасау әрекеттерін жетілдіру

20-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Ойшыл математик

Логикалық есептер, ребустар, сөзжұмбақтар шешкізу.

21-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Жапондық көбейту әдісі

Жапондық көбейту әдісін меңгерту <https://youtu.be/WzO-Ljq6gA> сілтемесі арқылы бейнематериалды көрсету.

22-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Бөлу ұғымы және компоненттері

Бөлуге байланысты өзіндік тапсырмалар орындату. «Бөлу» ұғымын және бөлу компоненттерінің атауларын түсіндіру. Жаңа математикалық есеп түрін шығарту (тең бөліктерге бөлу және мазмұны бойынша бөлу) меңгерту.

23-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Математикалық лото

Математикалық лото тапсырмалары арқылы көбейту мен бөлуге байланысты өз бетінше өрнектер жазып, көбейту мен бөлу амалының компоненттері жайлы білімдерін кеңейту. Зейінін дамыту

Көбейту амалының мән-мағынасын және көбейту амалының компоненттерінің атауларын; бір-дей қосылғыштардың қосындысын көбейтіндіге түрлендіруді меңгерту.

24-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Баға, Құн, Сан, Ақша

«Дүкен» ойыны арқылы баға, құн және ақша бірліктерімен таныстыру

25-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Құрылымы күрделі теңдеулер

Құрылымы күрделі теңдеулерді шешуді меңгерту. Көбейту және бөлу кестесін құру, білу және қолдану.

26-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Өрнектер (санды және әріпті), теңдіктер, теңсіздіктер

Санды және әріпті өрнектерді оқу, жазу, салыстыруды меңгерту

27-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Судоку

Есте сақтау қабілетін дамытатын басқатырғыш сандық кроссворд шешкізу

28-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Амалдар тәртібінің қағидасы

Төрт арифметикадан және жақшадан тұратын өрнектердегі амалдар тәртібі қағидасын үйрету, оны есептеу кезінде қолдануды меңгерту.

29-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Логикалық есептер

Логикалық есептерді шығару әдіс-тәсілдерін үйрету. Логикалық есептерді шеше отырып, математика сабағына деген қызығушылығын арттыру. Шапшаңдыққа үйрету <https://youtu.be/0tuL3onUxm0> сілтемесі арқылы бейнематериалды көрсету.

30-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Кері есептер мен жанама сұрақтармен берілген есептердің айырмашылығы

Кері есептерде шығаруды, тура және жанама сұрақтармен берілген есептерді ажыратуды меңгерту

31-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Фигуралардың периметрін табу

Геометриялық фигуралардың периметрін табу, тіктөртбұрыштың периметрін әртүрлі тәсілмен табу білімдерін жүйелеу.

32-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Тізбектер мен заңдылықтар

Сандардың орналасуындағы заңдылықтарды анықтауды, бос орындарды толықтыруды үйрету.

33-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: Блок-схемамен шығарылатын логикалық есептер




Блок-схема құру арқылы логикалық есептер шығарту.

34-сабақ (1-сағат).

Тақырыбы: «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» сайысы

Оқушылардың математикалық ой-өрісін дамыту, оқушының бойындағы басқа да қабілеттерін ашу, жан-жақты дамыту арқылы оқушылардың жыл бойы алған білімдерін қорытындылау.

**Нормативтік бөлім**  
2-сынып. Жылдық сағат саны - 34



№ р/с	Тақырыбы	Оқу мақсаты	Сағат саны	Білім өнімі
<b>№1 бөлім. Сандармен амалдар орындау. Есептер</b> <b>Барлығы - 4 сағат</b>				
1	Кіріспе. «Қызықты математика – ғылымдар патшасы»	«Қызықты математика» туралы түсініктерін тереңдету	1	Курс туралы біледі
2	Санайық, есептейік, ойланайық!	Ондықтан аттау арқылы қосу және азайту тәсілдерін қайталау; сандардың ондық және бірліктер құрамы арқылы қосу және азайту; сандардың құрамын пысықтау; теңдеу құру; қосу мен азайту кестесін жаттату	1	Ондықтан аттау арқылы қосу және азайту тәсілдерін қайталайды; сандардың ондық және бірліктер құрамы арқылы қосып, азайтады; сандардың құрамын пысықтайды; теңдеу құрады; қосу мен азайту кестесін жаттайды
3	Сандық лабиринг	100 көлеміндегі сандарға байланысты, сандық лабиринттегі тапсырмаларды тез есептеуге бағыттау; шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастыру және ұштау; тірек білімдерін жетілдіру; байқағыштық қасиеттерін дамыту	1	100 көлеміндегі сандарға байланысты лабиринттегі тапсырмаларды шешеді 
4	Математикалық санамақтар	Математикалық санамақтар арқылы екі таңбалы сандардың ондық құрамы негізінде қосу және азайтуды, қосу мен азайтуды меңгерту	1	Сандардың ондық құрамын айқындауды үйренеді;
<b>№2 бөлім. Шамалар және олардың өлшем бірліктері</b> <b>Барлығы - 3 сағат</b>				
5	Кестемен шығаратын есептер	Логикалық есептерді кесте құру арқылы шығарту	1	 Логикалық есептерді кесте құрып шығарады
6	Сыйымдылыққа байланысты логикалық құю есептер	Сыйымдылыққа байланысты логикалық есептерді шығарту	1	 Сыйымдылыққа байланысты логикалық есептерді шығарады
7	Брэйн ринг викториналық сайыс	Логикалық тапсырмалар орындату арқылы жылдам есептеп, жылдам ойлануға, кез келген ақпаратты тез түсініп қабылдауға баулу	1	Логикалық тапсырмалар орындайды, жылдам есептеп, жылдам ойланып, ақпаратты түсініп қабылдайды

**№3 бөлім. Екі таңбалы сандарды қосу және азайту. Жүздіктер. Есептер**  
**Барлығы - 3 сағат**

8	Соңынан шығарылатын логикалық есептер	Белгісіз санды соңынан шығару әдісі арқылы тапқызып үйрету	1	Белгісіз санды соңынан шығару әдісі арқылы табады
9	Математикалық басқатырғыш-тар	Математикалық сөзжұмбақтар шешуге үйрету. Жылдам ойлауға баулу.	1	Математикалық сөзжұмбақтар шешеді
10	Сиқырлы шаршы Логикалық есептер	Сиқырлы шаршыда берілген сандарды есептеу тәсілін меңгерту	1	Сиқырлы шаршыда берілген сандарды есептейді

**№4 бөлім. Шамалар және өлшем бірліктер**

**Барлығы - 3 сағат**


11	Сағат. Минут Циферблат бойынша уақытты анықтау	Сағат бойынша уақытты анықтауды үйрету. Циферблат бойынша уақытты (күндізгі және түнгі) анықтау. Уақытты анықтау барысында рим цифрларын қолдануды үйрету	1	Сағат бойынша уақытты анықтауды үйренеді 
12	Тәулік. Апта. Ай. Жыл. Ғасыр	Тәулік, апта, ай, жыл, ғасыр уақыт өлшем бірліктерін меңгереді. Уақыт өлшем бірліктері арақатынасы кестесін құру мен қолдануға мүмкіндік беру	1	Тәулік, апта, ай, жыл, ғасыр уақыт өлшем бірліктерін меңгереді. Уақыт өлшем бірліктері арақатынасы кестесін құрады
13	Ребус	Математикалық ребустар шешу жолдарын меңгерту	1	 Математикалық ребустар шешеді

**№5 бөлім. Жиын және оның элементін белгілеу.  $\in$  және  $\notin$  таңбалары**  
**Барлығы: 3 – сағат**

14	Жиындар.	Жиынды және оның элементтерін белгілеуді, $\in$ және $\notin$ таңбалары, элементтердің жиынға тиістілігін анықтауды, жиындар құрастыруды, жіктеуді үйрету	1	Жиынды және оның элементтерін белгілейді, $\in$ және $\notin$ таңбалары, элементтердің жиынға тиістілігін анықтауды, жиындар құрастырады, жіктеуді үйренеді
15	Ақиқат немесе жалған пікірлер құру.	Тұжырымдардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтауға, ақиқат немесе жалған пікірлер құруға, таныстырылым дайындауға мүмкіндік беру	1	Ақиқат немесе жалған пікірлер құрады. Таныстырылым дайындайды
16	Математикалық фокустар	Математикалық фокустар. Логикалық есептер құрастырып, шығарту	1	Фокуста ойластырылған санды табады

**№6 бөлім. Геометриялық фигуралар және олардың өзара орналасуы.**

**Барлығы: 4 сағат**

17	Танграм ойыны	Геометриялық фигураларды атап, ажырата білуге машықтандыру, танграмның контурын қолдана отырып, графикалық редактормен таныстырып, сенсорлық қабілеттерін арттыру	1	Берілген үлгілер, сызбалар арқылы бейнелер құрастырады
18	Фигура санау	Фигураларды санаудың әдіс-тәсілдерін меңгерту	1	Фигураларда неше үшбұрыш барын санап анықтайды
				
19	Денгейлік тест	Білімді өз бетімен алу жолдарын үйрету. Ойлау белсенділігі, тапқырлықпен тез шешім жасау әрекеттерін жетілдіру	1	Білімді өз бетімен алу жолдарын үйренеді, ойлау белсенділігі, тапқырлық қабілеті дамиды
20	Ойшыл математик	Логикалық есептер, ребустар, сөзжұмбақтар шешкізу	1	Логикалық есептер, ребустар, сөзжұмбақтар шешеді

**№7 бөлім. Көбейту және бөлу. Есептер.**

**Барлығы: 4 сағат**

21	Жапондық көбейту әдісі	Жапондық көбейту әдісін меңгерту	1	Жапондық көбейту әдісімен есептейді
22	Бөлу ұғымы және компоненттері	Бөлуге байланысты өзіндік тапсырмалар орындату. «Бөлу» ұғымын және бөлу компоненттерінің атауларын түсіндіру. Жаңа математикалық есеп түрін шығарту (тең бөліктерге бөлу және мазмұны бойынша бөлу) меңгерту	1	Бөлуге байланысты өзіндік тапсырмалар орындайды. «Бөлу» ұғымын және бөлу компоненттерінің атауларымен танысады. Жаңа математикалық есеп түрін шығарады
23	Математикалық лото ойыны	Математикалық лото тапсырмалары арқылы көбейту мен бөлуге байланысты өз бетінше өрнектер жазып, көбейту мен бөлу амалының компоненттері жайлы білімдерін кеңейту. Зейінін дамыту	1	Көбейту мен бөлуге байланысты өз бетінше өрнектер жазып, көбейту мен бөлу амалдарын қатыстырып есептер шығарады
24	Баға. Құн. Сан. Ақша	«Дүкен» ойыны арқылы баға, құн және ақша бірліктерімен таныстыру	1	«Дүкен» ойыны. Баға, құн және ақша бірліктерімен танысады



**№ 8 бөлім. Санды және әріпте өрнектер. Теңдік және теңсіздіктер**  
**Барлығы: 3 сағат**

25	Құрылымы күрделі теңдеулер	Құрылымы күрделі теңдеулерді шешуді меңгерту	1	Құрылымы күрделі теңдеулерді шешеді
26	Өрнектер (санды және әріпті), теңдіктер, теңсіздіктер	Өрнектер (санды және әріпті), теңдіктер, теңсіздіктер Санды және әріпті өрнектерді оқу, жазу, салыстыруды меңгерту	1	Санды және әріпті өрнектерді оқиды, жазады, салыстырады
27	«Судоку»	Есте сақтау қабілетін дамытатын басқатырғыш	1	Басқатырғыш сандық кроссворд шешеді
		сандық кроссворд шешкізу		

**№9 бөлім. Есептеудің тиімді тәсілдері.**  
**Барлығы: 3 сағат**

28	Амалдар тәртібінің қағидасы	Төрт арифметикадан және жақшадан тұратын өрнектердегі амалдар тәртібі қағидасын үйрету, оны есептеу кезінде қолдануды меңгерту	1	Төрт арифметикадан және жақшадан тұратын өрнектердегі амалдар тәртібі қағидасын біледі, оны есептеу кезінде қолдануды үйренеді
29	Логикалық есептер	Логикалық есептерді шығару әдіс-тәсілдерін үйрету. Логикалық есептерді шеше отырып, математика сабағына деген қызығушылығын арттыру. Шапшаңдыққа үйрету	1	Логикалық есептерді шығарады. Логикалық есептерді шеше отырып, математика сабағына деген қызығушылығы артады
30	Кері есептер мен жанама сұрақтармен берілген есептердің айырмашылығы	Кері есептерді шығаруды, тура және жанама сұрақтармен берілген есептерді ажыратуды меңгерту	1	Кері есептерді шығаруды, тура және жанама сұрақтармен берілген есептерді ажыратуды меңгереді

**№10 бөлім. Геометриялық фигуралар. Периметр. Аудан**  
**Барлығы: 4 сағат**

31	Фигуралардың периметрін табу	Геометриялық фигуралардың периметрін табу, тіктөртбұрыштың периметрін әртүрлі тәсілмен табу білімдерін жүйелеу	1	Геометриялық фигуралар туралы білімдерін жүйелейді; тіктөртбұрыштың периметрін әртүрлі тәсілмен табады
32	Тізбектер мен заңдылықтар	Сандардың орналасуындағы заңдылықтарды анықтауды; бос орындарды толықтыруды үйрету	1	Заңдылықтарды анықтап, бос орындарды тиісті сандармен толықтырады
33	Блок-схема	Блок-схема құру арқылы логикалық есептер шығарту	1	Блок-схема құрып, логикалық есептер шығарады

34	«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» сайыс-сабақ	Оқушылардың математикалық ой-өрісін дамыту, оқушының бойындағы басқа да қабілеттерін ашу, жан - жақты дамыту арқылы оқушылардың жыл бойы алған білімдерін қорытындылау	1	Оқушылар жан-жақты дамиды, математикалық ой-өрісі, бойындағы басқа да қабілеттері ашылады
----	--	--	---	---

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты (ҚР БЖҒМ 31.10.2018 ж. №604 бұйрығы).
2. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарға арналған үлгілік оқу бағдарламалары (ҚР БЖҒМ 03.04.2013 ж. №115 бұйрығы (08.04.2016 ж. №266, 10.05.2018 ж. №199, 17.10.2018 ж. №576).
3. 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2021 жыл.
4. Математика. Орта білім беру мазмұнын жанрту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016. – 336.
5. Ақпаева А.Б., Лебедева Л.А. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. – Алматыкітап баспасы, 2012 ж.
6. Ерешева К., Жамалбекова Г. Математикадан өзіндік және бақылау жұмыстары. – «Өлке» баспасы. – Алматы, 2009 ж.
7. Ақпаева А.Б., Лебедева Л.А., В.В.Бурова. Математика әдістемелік құрал. Алматыкітап баспасы, 2014 ж.
8. Оспанов Т.Қ., Кочеткова О.В., Астамбаева Ж.Қ. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: «Атамұра», 2005 ж.
9. Жикалкина Т.К.. Математикадан ойындар мен қызықты тапсырмалар. – Алматы: «Рауан», 1992 ж.
10. Долженко Г.И. «Байқампаздар әлеміне саяхат». – Аруна баспасы, 2007 ж.
11. Дүйсенбай Е. «Санамак». – Аруна баспасы, 2007 ж.
12. Жанасбаева Ұ.Б. Логикалық және комбинаторикалық есептер. – Алматы, 2017 ж.
13. «Ойнайық та ойлайық». – Алматы, 1996 ж.